

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тубекова Дана Оразбаевнаның «Қазақстан Республикасында халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысына шетелдік кеңесші, доктор, профессор Махир Накиптің

ІШКІРІ

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік басқару реформаларының негізгі мақсаты елді демократиялық қағидаттарға сүйенген заманауи және тиімді басқару жүйесіне көшіру болып табылады. Аталған үдерістердің халықаралық деңгейде мойындалғанын және олардың елеулі маңызға ие екенін ерекше атап өту қажет.

Қазақстанның ұзақ мерзімді даму басымдықтары мен нақты міндеттері «Қазақстан-2030» стратегиясында белгіленген. Аталған құжатта азаматтардың өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатын арттыру негізгі мақсат ретінде айқындалып, бұл мақсатқа қол жеткізу үшін тиімді Үкімет құрудың маңыздылығы атап өтілген. Ал елдің саяси дамуының жаңа кезеңін айқындайтын «Қазақстан-2050» стратегиясы мемлекеттік қызмет деңгейін жетілдіру, нәтижелі коммуникациялар жүйесін қалыптастыру және басқару үдерістерін кәсіби тұрғыда дамытуға басымдық береді. Бұл бастамалар мемлекеттік органдар мен халық арасындағы өзара байланысты нығайтып, азаматтардың билікке деген сенімін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жалпыұлттық стратегиялық жоспары мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға және заманауи басқару моделін енгізуге бағытталған болса, 2021 жылы Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыру шараларын қамтиды. Бұл реформаның негізгі ұстанымы – «Ең алдымен адамдар» қағидаты болып, халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған. Атап айтқанда мемлекет пен қоғам қатынасының «Бюрократиялық» моделінен басқарудың проактивті, сервистік және азаматтардың сұраныстарына ден қойғыш нысанына көшу мақсатына негізделген.

Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың «Сервистік» моделін қалыптастыру қажеттілігін Ел Президенті 2019 жылғы 2 қыркүйекте «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында атап өткен болатын. Онда азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектеріне жедел ден қоятын, әрі әрбір азаматтың мүддесін тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру бәріне ортақ міндет екендігін және билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекетті қалыптастыруға болатындығын баса атап өткен.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты - «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының теориялық және әдіснамалық тәсілдерін талдау, нәтижелігін бағалау және жетілдіру жолдары бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Әр мемлекеттің өзіндік тарихи және мәдени контексттері бар. Бір елде сәтті жүзеге асырылған мемлекеттік басқарудың жаңа қағидаттары екінші елде тиімсіз болуы мүмкін.

Мемлекеттік басқарудың әртүрлі модельдерін қабылдау және оның негізгі қағидаттарын қолдану елде орын алып жатқан үздіксіз өзгерістер жағдайларына бейімделуге мүмкіндік береді.

Бірқатар елдерде жаңа мемлекеттік басқару реформасын енгізудегі сәтсіздіктерінің ықтимал себептерінің бірі, олардың әдіснамалық қателігі мен реформалар жүргізілгенде басқару объектісін кешенді өлшеу мен бағалаудың болмауында. Сондықтан мемлекетті жаңа форматта тиімді басқару үшін мемлекеттік қызмет нәтижелерін бағалау қажеттілігі туындайды. Бағалау санаттарын қолдану мемлекеттік басқарудың мақсаттарына



қаншалықты қол жеткізілгенін диагностикалауға, талдауға және түсінуге бағытталған және ол мемлекеттік басқарудың тиімділігін зерттеудің маңызды кезеңі болып табылады және бұл басқару сапасының негізгі белгілерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сол себепті диссертациялық жұмыстың тақырыбы мен алға қойған мақсаты ғылыми және тәжірибелік сипаттағы өзекті мәселеге арналған.

Диссертациялық жұмыстың нысаны мен пәні нақты анықталған, ал ұсынылған гипотеза «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесі» мемлекеттік органдар мен халық арасында сындарлы диалогты орнатып, нәтижесінде қазіргі заман талабына сай «Адамдарға бағдарланған» оңтайлы мемлекет қалыптасатынын негіздейді.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы ретінде алғаш рет халықаралық тәжірибеде қолданылатын «Good governance» тұжырымдамасы Қазақстан Республикасындағы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында терең зерттеліп, негізгі терминологиялық ұғымдарға автордың өзіндік көзқарасы берілген. Сонымен қатар, «Good governance» тұжырымдамасының негізгі қағидаттары мен жүзеге асыруда қолданылатын әдіс-тәсілдері талданып, олардың ерекшеліктері мен тиімді тұстары айқындалған, сондай-ақ бұл тәсілдерді Қазақстанда қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.


Диссертациялық жұмыстың негізгі міндеттері ретінде автор Халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесінің басым бағыттары мен қазіргі жағдайына талдау жүргізіп, Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Дүниежүзілік Банк әзірлеген әлемдік рейтингтегі көрсеткіштерге сәйкестік деңгейін анықтаған. Түркістан қаласы бойынша алынған статистикалық мәліметтер негізінде аталған жүйенің тұрғылықты халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына соңғы бес жылдағы әсері зерттеліп, оның динамикасы жасалған және алдағы бес жылға болжам ұсынылған. Сонымен бірге, Түркістан қаласының тұрғындары арасында әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, мемлекеттік қызметкерлерге тереңдетілген эксперттік сараптамалық интервью жүргізген. Осы зерттеулердің негізінде автор «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жетілдіру жолы ретінде модель жасап, тиімді механизм ұсынған.

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негіздері жан-жақты және терең талданған. Жұмыста бірнеше ғылыми әдістер кешені қолданылып, зерттеу нәтижелерінің нақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Теориялық зерттеу аясында салыстырмалы талдау мен контент талдау әдістері қолданылып, негізгі тұжырымдамалар мен ұғымдардың мазмұны анықталған. Сонымен қатар қабылданған нормативті-құқықтық актілер мен бағдарламалық құжаттар талдана отырып, тұжырымдамаға қатысты заңнамалық негіздер жан-жақты зерттелген.

Диссертациялық жұмыста жалпыдан жекеге көшу әдісімен, атап айтқанда дедукция әдісі арқылы Қазақстан бойынша жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде Түркістан қаласының нақты мәселелері анықталған. Жетілдіру жолдарын анықтау үшін SWOT талдау жасалып, оның нәтижелері негізінде SPACE матрицасы құрастырылған. Зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер ғылыми жұмыстың кешенділігін, жүйелілігін және оның тәжірибелік маңыздылығын көрсетеді. Бұл әдіснамалық негіздер зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты және сенімді қорытындылар жасауға толық мүмкіндік береді деп есептеймін.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру аясында тиімді кері байланыс механизмін қалыптастыру, демократиялық қағидаттарға негізделген басқару жүйесін құру, әділ және инклюзивті қоғам орнату, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайту және мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсарту сияқты маңызды аспектілерді қамтиды. Бұл нәтижелер Қазақстандағы мемлекеттік басқару тиімділігін арттырып, халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты күшейтуге ықпал етеді деп есептеймін.

Диссертациялық жұмыста ізденушінің қол жеткізген ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен ұсыныстарының дәйектілігі оның құрылымының логикалық тұрғыдан



дұрыстығын дәлелдейді. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері тиісті басылымдарда жарияланған және мақұлданған.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Алынған нәтижелер ғылыми тұрғыдан құнды әрі олар Қазақстандағы мемлекеттік басқару жүйесін дамытуға айтарлықтай үлес қосады деп есептеймін.

Жалпы алғанда Тубекова Дана Оразбаевнаның «Қазақстан Республикасында халық үніне құлақ асатын мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын докторлық (PhD) диссертацияларға қойылатын талаптарға сай орындалған деп, «8D04114-Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,
Чанкая университетінің
профессоры, доктор**

Түркия Республикасы, Анкара қаласы



Осы құжаттың түрік тілінен қазақ тіліне түпнұсқасына сай аударылғанын растаймын.

**Ф.ғ.к., доц.м.а. Ашимов Р.Ж.
Аудармашы**

